

Қазақстан Республикасы аумағында кеден жеңілдіктерін пайдаланатын адамдарға кеден қоймаларынан шығарылатын тауарларға кедендік бақылау туралы нұсқауды күшіне енгізу туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитеті 1997 жылғы 23 сәуір N 107-П Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 11 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 333. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 15 ақпандағы бұйрығымен . ~V011442

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығының Z952368_ 32, 33 тарауларындағы кеден жеңілдіктерін пайдаланатын шет ел адамдарының Қазақстан Республикасы аумағында тұтынуына арналған тауарларына кедендік ресімдеуді реттеу мақсатында бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасы аумағында кеден жеңілдіктерін пайдаланатын шет елдік дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерге, олардың дипломатиялық қызметкерлерінің мүшелеріне және оларға теңестірілген адамдарға кеден қоймаларынан шығарылатын тауарларға кедендік бақылау

туралы нұсқаудың 1997 жылдың 1 тамызынан бастап күшіне енгізілсін.

2. Облыстың кеден басқармаларының бастықтары мен кедендердің бастықтары осы бұйрықтың орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитеті Төрағасының Орынбасары В.Д. Кирдановқа жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы аумағында кеден жеңілдіктерін пайдаланатын шетелдік дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерге, олардың дипломатиялық қызметкерлерінің мүшелері мен оларға теңестірілген адамдарға кеден қоймаларынан шығарылатын тауарларға кедендік бақылау

туралы Нұсқау

I. Жалпы ережелер

1.1. Осы Нұсқау тауарларды кедендік ресімдеуде реттеу үшін жасалып отыр және шетелдік дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктер, сонымен қатар солардың дипломатиялық құрамының мүшелері мен оларға теңестірілген адамдар үшін Кеден қоймалары туралы ережені қолданудың тәртібін (ҚР КҚ 16.10.95 ж. N 147-П бұйрығы) анықтайды.

Дипломатиялық құрамның мүшелері бөлініп ҚР-нан тысқары тұрақты тұратын төмендегідей жеке тұлғалар:

- ҚР СІМ берген "дипломатиялық карточкалары барлар";
- тізбелері тиісті халықаралық келісімдермен уәж етілген өкілдіктерде, халықаралық ұйымдарда белгілі бір лауазымдарды атқарып отырғандар мен ҚР СІМ берген тиісті құжаты барлар түсіндіріледі.

Аталған өкілдіктер мен адамдардың Қазақстан Республикасы Президентінің " Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығының IX тарауына сәйкес кеден жеңілдіктері бар.

1.2. 1.1-тарауда көрсетілген мақсаттардағы тауарлар осы Ереженің талаптары сақталатын жағдайларда ғана кеден қоймаларына орналастырылады, оларда сақталады және кеден төлемдері төленбей шығарылады.

1.3. 1.1-тарауда көрсетілген мақсаттарға ашылатын жабық үлгідегі кеден қоймалары мамандандырылған болып табылады, яғни оларға Қазақстан Республикасы аумағында кеден жеңілдіктерін пайдаланатын адамдарға арналған тауарлар орналастырылады.

1.4. Жарлықта көрсетілген кеден қоймалары мен олардың иелеріне қатысты талаптар кедендік бақылауы осы Нұсқаумен реттелетін қоймаларға қолданылады

II. Тауарларды мамандандырылған кеден қоймаларына орналастыру

2.1. Тауарларды мамандандырылған кеден қоймаларына орналастыру ҚР КҚ

16.10.95 ж. N 147-ІІ бұйрығымен көзделген тәртіппен жүргізіледі.

2.2. Мамандандырылған кеден қоймасының құрамына тауарларды көрсетуге (көрмеге қоюға) арналған үй-жайлардың, сондай-ақ Жарлықтың 47-бабында көзделген тауарлармен операцияларды жасауға арналған технологиялық үй-жайлардың кіруі мүмкін.

2.3. Мамандандырылған кеден қоймасына тауарларды орналастыру процедурасы Кеден қоймалары туралы ереженің 6-тарауында көзделген процедуралармен сәйкес келеді.

2.4. Көрме үлгілері ретінде орналастырылған тауарлар уақытша әкелудің кеден режимімен ресімделеді не кеден қоймасында жатқан болып есептеледі.

ІІІ. Мамандандырылғын кеден қоймасына орналастырылған тауарлармен операциялар

3.1. Мамандандырылғын кеден қоймасына орналастырылған тауарлармен кеден қоймалары үшін кеден заңдарымен белгіленген барлық операциялардың жүргізілуі мүмкін.

ІV. Мамандандырылғын кеден қоймасынан тауарларды шығару мен кеден төлемдерін алудың ерекшелігі

4.1. Мамандандырылғын кеден қоймасынан тауарларды шығаруды кеден органы осы Нұсқаумен белгіленген шығарудың шарттары орындалған жағдайда кеден төлемдерін алмай-ақ жүргізеді.

4.2. Тауарларды кеден төлемдерін алмай-ақ шығаруға Қазақстан Республикасының заңдарымен кейбір шет ел адамдарына берілген кеден жеңілдіктері негіз болып табылады.

4.3. Мамандандырылғын кеден қоймасынан тауарларды жеңілдік шарттарымен шығару осындай жеңілдікті пайдаланылатын адамдардың өтініштеріне сәйкес жүргізіледі. Бұл арада шығару қызметкерлері не олардың отбасы мүшелері өтініштерін ресімдеген дипломатиялық, консульдық, басқа да мекемелердің атына шағын көтерме топтамаларымен жүргізіледі. Өтініштер белгіленген нысан бойынша (Нұсқауға қосымша) жүргізіледі және тиісті мекеменің (елшіліктің, консульдықтың, ұйымның) мөрімен куәлендіріледі.

4.4. Тауарларды шығару кезінде өтініштерді бір тапсырысқа жинақтаған тиісті заңды тұлға еркін айналымға шығарылатын тауарларды өз бетінше не

делдал (оның ішінде қойма иесі арқылы) арқылы мәлімдейді. Тауарларды шығару кезінде олардың құнына кіретін, қоймасында сақтағаны үшін төлемдер ғана төленеді.

4.5. Мамандандырылған кеден қоймасының иесі тауарларды бақылау мен шығаруды реттеу мақсатында сенімді мүдделі адамдармен бірге тауарларды алу үшін қызметкерлерді және мамандандырылған тапсырыстарды шығарудың кестелерін анықтайды.

4.6. Осы Нұсқаудың 1.1-тармағында көрсетілмеген басқа да адамдар үшін тауарларды шығару Қазақстан Республикасының аумағында кеден қоймалары үшін белгіленген кәдімгі тәртіппен жүргізілуі мүмкін.

V. Мамандандырылған кеден қоймасы арқылы тауарлардың қозғалысы туралы есеп беру

5.1. Кеден қоймалары үшін кеден заңдарымен белгіленген есеп беруден басқа мамандандырылған кеден қоймасының иелері өтініштер тіркеуді жүргізеді, шығарылатын тауарларға ерекшеліктер мен шот-фактураларды ресімдейді, сенімді адамдар мен кеден жеңілдіктерін пайдаланатын адамдардың тізбесін жүргізеді.

VI. Мамандандырылған кеден қоймасының иесіне қойылатын басқа да талаптар

6.1. Мамандандырылған кеден қоймасындағы жұмыс уақытының бақылаушы кеден органының жұмыс уақытынан қысқа болуы мүмкін емес.

6.2. Тауарларды сақтау мен операциялар жүргізуге арналған қоймаға бірлесе анықталған тізім бойынша кеден қызметкерлерінің, қойма қызметкерлерінің ғана кіру құқығы бар.

6.3. Кеден жеңілдіктерін пайдаланатын адамдардың тауарларды көрсету мен оларды сатып алғаны үшін өтініштерді ресімдеу мақсатында қоймаға кіре алады. Кеден жеңілдіктерін пайдаланатын адамдарды мамандандырылған кеден қоймасының көрме (көрсету) жайына кіргізу сол адамның жеңілдік пайдаланатын адамдар санатына (ҚР СІМ берген дипкарточка және басқа да құжаттар) жататынын растайтын құжатты сол адам ұсынған соң жүргізіледі.

6.4. Қоймадан шығарылатын тауарлар үшін өзара есептесу мәселелері толығымен қойма иесіне жүктеледі.

VII. Қорытынды ережелер

7.1. Мамандандырылған кеден қоймаларында кедендік бақылау мен ресімдеудің тәртібін бұзушылықтар Қазақстан Республикасы кеден заңдарына сәйкес қудаланады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК